

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҮЛГЕРІМ ТАБЕЛЬДЕРІН ТЕКСЕРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ АНЫҚТАМА

Тақырыбы: 2025–2026 оқу жылы бойынша оқушылардың үлгерім табельдерінің жүргізілуі мен рәсімделу жағдайын тексеру

Тексеру мақсаты: Оқушылардың үлгерім табельдерінің толтырылу сапасын, рәсімделу тәртібін, нормативтік талаптарға сәйкестігін анықтау және құжаттардың сақталу жағдайына талдау жүргізу.

2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес оқушылардың үлгерім табельдерінің жүргізілу жағдайына тексеру жүргізілді. Тексеру барысында барлық сыныптар бойынша оқу жетістіктерін қорытындылау құжаттары, үлгерім табельдерінің рәсімделуі, қол қойылуы және бекітілуі зерделенді.

Үлгерім табельдері BilimClass электрондық білім беру платформасындағы деректер негізінде қалыптастырылып, жүйеден жүктелген. Табельдерде оқушылардың оқу жылы ішінде алған ағымдық, тоқсандық және жылдық бағалары, пәндер бойынша қорытынды нәтижелері толық көрсетілген.

Тексеру барысында сынып жетекшілерінен табельдердің дайындалу тәртібі туралы ақпарат алынып, құжаттардың электрондық журнал мәліметтерімен сәйкестігі салыстырылды. Жүргізілген салыстыру нәтижесінде табельдердегі мәліметтердің BilimClass жүйесіндегі деректермен толық сәйкес келетіні анықталды.

Құжаттарды қарау барысында төмендегі жұмыстардың орындалғаны анықталды:

- барлық сыныптар бойынша үлгерім табельдері уақытылы дайындалған;
- табельдер BilimClass ақпараттық жүйесінен жүктеліп алынған;
- пәндер бойынша бағалар толық енгізілген және қорытынды бағалар дұрыс шығарылған;
- әрбір оқушының табелі белгіленген үлгіге сәйкес рәсімделген;
- табельдерге сынып жетекшілерінің қолдары қойылған;
- ата-аналардың (занды өкілдерінің) табельмен танысқанын растайтын қолдары толық жиналған;
- табельдер мектеп директоры тарапынан бекітілген;
- құжаттарды рәсімдеу барысында орфографиялық және техникалық қателер анықталмаған;
- табельдердің қағаз және электрондық нұсқалары талапқа сай сақталған.

Тексеру барысында сынып жетекшілерінің құжаттамамен жұмыс жүргізу деңгейі қанағаттанарлық екендігі байқалды. Барлық сынып жетекшілері оқу жылының қорытындысы бойынша ата-аналарды оқушылардың білім сапасы мен үлгерім нәтижелері туралы уақытылы хабардар еткен. Ата-аналармен кері байланыс ұйымдастырылып, табельдермен таныстыру жұмыстары жүргізілген.

Үлгерім табельдерін талдау нәтижесінде мектеп әкімшілігі тарапынан оқу жетістіктерін есепке алу мен құжаттарды жүргізуге қойылатын талаптардың орындалуы қамтамасыз етілгені анықталды. Табельдер білім алушылардың нақты оқу жетістіктерін көрсетеді және электрондық журналдағы мәліметтермен сәйкес келеді.

Тексеру кезінде құжаттардың ресімделуіне қатысты елеулі кемшіліктер анықталған жоқ. Құжаттардың сапалы толтырылуы, қолдардың толық болуы және мектеп басшысының бекіту рәсімінің сақталуы құжат айналымының талапқа сай жүргізілгенін көрсетеді.

Қорытынды:

2025–2026 оқу жылы бойынша оқушылардың үлгерім табельдері Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында құжаттаманы жүргізу талаптарына сәйкес рәсімделген. Барлық табельдер BilimClass жүйесінен жүктеліп алынған, сынып жетекшілері тарапынан тексеріліп, қол қойылған. Ата-аналардың (заңды өкілдердің) табельдермен танысқаны туралы қолдары қойылған. Құжаттар мектеп директорының бекітуінен өткен. Табельдерді жүргізу, рәсімдеу және сақтау жұмыстары тиісті деңгейде ұйымдастырылған.

Ұсыныстар:

1. Үлгерім табельдерін рәсімдеу барысында қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарын қатаң сақтау.
2. BilimClass жүйесіндегі мәліметтердің дұрыстығын тоқсан сайын бақылап отыру.
3. Сынып жетекшілеріне ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыруды жалғастыру.
4. Үлгерім табельдерін сақтау және мұрағаттау жұмыстарын белгіленген тәртіпке сәйкес жүргізу.
5. Оқу жылының соңында құжаттарды қайта тексеру және қорытынды мониторинг жүргізу тәжірибесін жалғастыру.

Басышының оқу ісі жөніндегі орынбасары м.а:  Г.М.Джалгасов

10.06.2026ж